



№22 (8226)
4 маусым
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



ken-zhyloi.kz

Ken-Zhyloi@mail.ru ken_jyloi_gazeti kenzhyloi ken.jyloi JYLOINEWS ken_jyloi_gazeti

* Бүгін – Мемлекеттік рәміздер күні

Бүгінгі санда:



ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіз еліміздің тұңғыш мен айбынын айқындайтын қасиетті құндылықтар. Көк Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымыз – халқымыздың бірлігі мен берекесінің, ерлігі мен егеменділігінің айқын белгісі. Отанға және туған жерге деген сүйіспеншілік пен құрмет осы мемлекеттік рәміздерді қастерлеуден басталады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу – әр азаматтың перзенттік парызы, ұлтқа деген адалдықтың көрінісі. Бүгінде көк байрағымыз әлемдік аренада білестерден көрініп, Әнұранымыз

халықаралық мінберлерде шоғырланып келеді. Бұл – барша халқымыз үшін үлкен мақтаныш.

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛІЕСТЕР!

Мемлекеттік рәміздеріміздің мәртебесі әрдайым биік, бірлігі бекем болсын! Сіздерге зор денсаулық, әр шаңыраққа амандық, бақ-береке және талағай жабыс тілеймін!

Ізгі тілекпен, Жұмабек ҚАРАЖАНОВ,
аудан әкімі

Әлеуметтік мәселелер талқыланды

Аудан әкімі Жұмабек Қаражанов кезекті қоғамдық қабылдау өткізіп, тұрғындардың талап-тілектеріне құлақ түрді.



Жергілікті өнімге жол ашқан жоба

Ауданымызда өнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған тағы бір маңызды жоба жүзеге асты.



«Өкінбе, сен»

Өңір тұрғындарына рухани азық сыйлап жүрген «Талшын» инклюзивті театры гастрольдік сапарын Жылыойда жалғастырды. Бұл жолы театр ұжымы жергілікті көрерменге шынайы өмірден алынған оқиға желісімен жазылған «Өкінбе, сен» атты қойылымын ұсынды.



«Бір ел – бір кітап»

Аудандық Орталық кітапханада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, тағдырлы шығармаларымен ел жүрегінен орын алған жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романына арналған конференция өтті.



* Бәрекеді!

АРҚА ТӨРІН БАҒЫНДЫРҒАН АРУ

Аудан мерейін асқақтатқан тағы бір қуанышты жаңалық! Қасиетті мекен – Кен Жылыойдың, қала берді Атырау облысының намысын қорғаған Индира Мұқтарқызы Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданында өткен Ақмарал Әлтаева атындағы І Республикалық «Арқа аруы» сұлулық байқауында жоғары нәтиже көрсетіп, үздік үштіктің қатарына еніп, жүлделі қайтты.

Республикалық байқауда бақ сынаған Индира тек сұлулығымен ғана емес, жан-жақты қабілетімен, сөз саптауымен, ұшқыр ойымен ерекшеленді. Ол өзінің терең білімімен, сахна мәдениетімен, ұлттық өнерге деген құрметімен және қазақтың салт-дәстүрін дәріптеудегі ерекше көзқарасымен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Қай кезең болмасын өзінің сенімділігін көрсете білген ол батыстың қыздарының қайтпас өжет, қайсар мінезді болатынын тағы бір дәлелдеді десек артық айтқандық болмас. Бұған дейін ауданның қарақоз сұлуларын жинаған «Жылыой аруы-2026»

байқауында бас жүлде иеленген ол өз өңірінің үкілеген үмітін арқалап, үлкен сахнаға жолдама алған еді. Артылған сенім текке кетпеді. Тақымын қысқан жылыойлықтарды Индира бұл жолы тағы бір қуантты. Қазылар қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, айтыскер ақын Аманжол Әлтаев, қазақ кино өнерінің аңызы, «Қыз Жібек» фильміндегі басты рөлді сомдаған Меруерт Өтекешова, белгілі ақын Қалқаман Сарин, журналист әрі қоғам қайраткері Динара Сәтжан, сондай-ақ мәдениет қайраткерлері Қанат және Света Айтбаевалар болды. Осындай тәжірибелі әрі өнер мен мәдениет

майталмандары қатысушылардың өнерін әділ таразылап, байқаудың жоғары деңгейде өтуіне ықпал етті. Айта кетейік, жоба республикалық деңгейде алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Бұған дейін облыс шеңберінде ғана өткізіліп келген «Арқа аруы» байқауы алдағы жылдары ауқымын кеңейтіп, еліміздің түкпір-түкпірінен талантты аруларды жинайтын ірі мәдени-рухани жобаға айналмақ. Мұндай бастама ұлттық өнерді насихаттап қана қоймай, жас буынның мәдени танымын кеңейтуге де зор үлес қосатыны сөзсіз.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ



* Баспасөз - 2026

Кен Жылой

ІІ жартыжылдыққа баспасөзге пошта бөлімі арқылы жазылу науқаны басталды

- * Ауданға қатысты жаңалықтар
- * Взекті мақалалар, сұхбаттар
- * Жарнамалар



Индекс: 65583



Пошта арқылы: жеке тұлға - 2384,72 тг. Заңды тұлға - 5466,76 тг

Баламалы негізде: 6 айға-1700 тг.

"Кен Жылой" газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 95 22